

БЕКІТЕМІН

Қосылған комиссиясының төрағасы
Басқару төрағасы – Ректор
«І.Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті» ЖЕ АҚ, з.ғ. д., профессор
Е. Бурибаев
2026 ж.



Докторантураға түсушілерге арналған түсу емтиханының

БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасы: 8D01101 Педагогика және психология

Білім беру бағдарламалар тобы: D001 Педагогика және психология

Талдықорған, 2026

1. Негізгі ережелер

Қабылдау емтиханының бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде 8D01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасына докторантураға түсетін тұлғалар үшін жасалды.

8D01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша қабылдау емтиханы күнтізбелік жылдың 4-20 тамыз аралығында университет базасында өткізіледі. Докторантураға қабылдау ағымдағы жылдың 28 тамызында аяқталады. Қабылдау емтиханын тапсыру күні мен уақыты, орны университет сайтында жарияланады.

Қабылдау емтиханы әңгімелесу, эссе, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптардан тұрады. Қабылдау емтиханының нәтижелері докторантураның білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша және мүмкін болған 100 балдан кемінде 75 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады. Бұл ретте Философия докторлары (PhD), сұхбаттасудың үлес салмағы 30 баллды, эссенің үлес салмағы 20 баллды, Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтары жауабы үлес салмағы 50 баллды құрайды және өткізілгеннен кейінгі күні жарияланады. 8D01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасына түсу үшін шекті балл 75 балл болып табылады.

2. Қабылдау емтиханының мақсаттары мен міндеттері

Қабылдау емтиханының мақсаты – талапкердің докторантураға теориялық және практикалық дайындығын, білім, білік және дағдыларының дайындық саласындағы докторантура талаптарына сәйкестік деңгейін анықтау.

Қабылдау емтиханының міндеттері:

- 8D01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша теориялық негіздердің білім деңгейін тексеру;
- ғылыми-зерттеу қызметінің дағдылары мен қабілеттерін анықтау;
- оқу және ғылыми әдебиеттердегі тиісті ережелерге сілтемелермен жұмыс істеу қабілетін тексеру;
- ойлау мәдениетін, зерттеу нәтижелерін дұрыс рәсімдеу қабілетін анықтау;
- кәсіби функцияларды жүзеге асыруға байланысты мақсаттар қою және міндеттерді тұжырымдау қабілетін бағалау;
- арнайы кәсіби терминология мен лексиканы меңгеру деңгейін бағалау.

3. Докторантураға түсетін тұлғалардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Философия докторы PhD дәрежесін атағын алу үшін 8D01101-Педагогика және психология білім беру бағдарламаларын меңгергісі келетін тұлғалар үшін білім берудің алдыңғы ең төменгі деңгейі магистр дәрежесі немесе бейіндік магистратураға теңестірілген жоғары арнаулы білім болып табылады. 8D01101- Педагогика және психология білім беру бағдарламасына кемінде 9 (тоғыз) айдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар қабылданады.

Докторантураға азаматтарды қабылдау тәртібі «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау ережесімен бекітілген.

Үміткер докторантураға, сондай-ақ ғылыми-зерттеу қызметіне дайын болуы керек. Өтініш беруші заманауи зерттеу әдістерін жетік білуі керек. Сонымен қатар, үміткер келесі ғылыми және әдістемелік дағдыларға ие болуы керек:

- зерттеу саласын жүйелі түрде түсінгенін көрсету, осы салада қолданылатын дағдылар мен зерттеу әдістерін меңгеру;
- маңызды ғылыми процестерді ғылыми көзқараспен ойлау, жобалау, енгізу және бейімдеу қабілетін көрсету;
- ұлттық немесе халықаралық деңгейде жариялауға лайық ғылым саласының шекарасын кеңейтуге өздерінің түпнұсқа зерттеулерін енгізу;
- жаңа және күрделі идеяларды сыни талдау, бағалау және синтездеу;
- өздерінің білімдері мен жетістіктерін әріптестеріне, ғылыми қоғамдастыққа және жалпы жұртшылыққа жеткізу;
- білімге негізделген қоғамның технологиялық, әлеуметтік немесе мәдени дамуында академиялық және кәсіптік тұрғыда дамытуға жәрдемдесу.

4. Эссе жазуға қойылатын талаптар мен критерийлер

4.1 Теориялық білім, әлеуметтік және жеке тәжірибе негізінде өз дәлелдерін құра білу көрінетін аналитикалық және шығармашылық қабілеттердің деңгейін анықтау үшін эссенің келесі түрлері ұсынылады:

ЭССЕ түрлері	Сипаттамасы	Эссе көлемі
Дәйектілігі	ғылыми-зерттеу қызметіне ынталану уәждер туралы үміткерлердің дәлелдері (research statement)	250 сөзден кем емес
Ғылыми-аналитикалық	үміткерлердің зерттеудің әдіснамасын болжамды өзектілігі мен негіздеу (research	

Тақырыптық-проблемалық	пәндік білімнің өзекті аспектілері бойынша авторлық позицияны ұсыну	
------------------------	---	--

4.2 ЭССЕ бағалау критерийі

Критерийі	Дескрипторы	Балл
Тақырыпты ашу тереңдігі	мәселе теориялық деңгейде ашылуы, ғылыми терминдер мен ұғымдарды дұрыс қолдана отырып, әртүрлі дереккөздерден алынған ақпараттар қолданған	4
	мәселені ашуда өзіндік көзқарас (ұстаным, көзқарас) ұсынылған	2
Аргументтелуі, дәлелдеу базасы	дәлелдердің болуы, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге дейін ойлау қабілеті	6
Композициялық тұтастық және баяндау логикасы	композициялық тұтастықтың болуы, эссенің құрылымдық компоненттерінің логикалық байланысы, қорытынды бар	4
Жазу мәдениеті	академиялық жазудың озық деңгейі көрсетілген (ғылыми терминологияны білу, лексика, грамматика, стилистика)	4
Ең жоғарғы балл		20

*А қосымшасында білім беру бағдарлама тобының эссе сұрақтары берілді

5. Сұхбат тәртібі және бағалау критерийлері

Сұхбат PhD докторантурасына түсу емтиханның міндетті бөлігі болып табылады және бейнежазбаны міндетті түрде қолдану арқылы, қашықтықтан жүргізіледі.

Сұхбат басталар алдында емтихан комиссиясының хатшысы үміткерді комиссиямен таныстырады, сұхбаттың басталғаны туралы хабарлайды және бейнежазбаны қосады.

Үміткер камераға сәйкестендіру үшін жеке куәлік береді..

Сұхбаттың ұзақтығы 20 минутқа дейін.

Сұхбаттың бағалау – барлық комиссия мүшелерінің жинаған ұпайларының қосындысының орташа арифметикалық мәнімен есептейді.

Сұхбаттасу үміткердің кәсіби және жеке қасиеттерін, ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу әлеуетін бағалауға бағытталған.

№	Критеріі	Дескриптор	Балл
1.	Дәйектілігі	Таңдалған ББ бойынша докторантурада оқуға және белгілі бір ЖОО-ға түсуге арналған уәждерді дәлелдей алуы. Оқуды аяқтағаннан кейінгі кәсіби және жеке өсу перспективаларын көре білуі.	6
2	Зерттеу құзыреттілігі	Белгілі бір пәндік саладағы ғылыми-зерттеу қызметі үшін қажетті зерттеу дағдылары мен тәжірибесін меңгеруі.	9
3.	Креативтілік	Ойлаудың өзіндік ерекшелігі, проблемаларды, ситуациялық мәселелерді шешудің шығармашылық және балама тәсілдерін қолдана алуы.	9
4.	Коммуникативтілік	Өз көзқарасын қысқа, көрнекі, мағыналы, дәлелді түрде жеткізе білуі, түйінді қорытынды жасай алуы Тілді меңгеру дағдысы	6
Ең жоғарғы балл			30

Сұхбат кезінде қойылатын сұрақтар үлгісі:

1. Неліктен Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетін таңдадыңыз?
2. Сіздің академиялық және мансаптық мақсаттарыңыз қандай? Неліктен сіз осы білім беру бағдарламасын таңдадыңыз?
3. Біздің университет, білім беру бағдарламасы сізге осы мақсаттарға жетуге қалай көмектеседі?
4. Егер сіз оқуға түссеңіз, біздің университеттің дамуына қандай үлес қоса аласыз? Сіз өз тарапыңыздан біздің университетке не бере аласыз?
5. Егер сіз біздің университетке түссеңіз, сіздің алдыңызда қандай ерекше мүмкіндіктер ашылады? Сіздің ғылыми және шығармашылық әлеуетіңіз қалай ашылады?
6. Сіз таңдаған мамандықты үйрену тәжірибеңіз бар ма?
7. Неліктен академиялық бағытты өзгертуге шешім қабылдадыңыз? (егер сіз жаңа мамандық бойынша оқуға түссеңіз)
8. Сіз қандай қосымша курстарда немесе бағдарламаларда оқыдыңыз? Алынған дағдылар қалай қолданылды?
9. Сіз мақтан тұтатын сабақтан тыс жетістіктеріңіз бар ма? Олар туралы айтып берсеңіз
10. Сіз командада немесе жеке жұмыс істегенді ұнатасыз ба? Белгілі бір жобада топтық жұмыс кезінде қандай рөл атқарғыңыз келеді?
11. Сіз немен айналысасыз және жақын арада оқудан басқа не істеуді жоспарлап отырсыз? 10 жылдан кейін өзіңізді қай жерде көресіз?
12. Неліктен сіз осы мамандықты таңдадыңыз? Неліктен докторлық дәрежеге ие болғыңыз келеді? Кіммен жұмыс істегіңіз келеді? Өз салаңыздың

дамуына қандай үлес қосқыңыз келеді? Сізді қандай ғылыми сұрақтар қызықтырады?

13. Сіз таңдаған бағытта мансапты қалай дамытасыз?

14. Егер сіз жоспарланған салада мансап құра алмасаңыз, қалай әрекет етесіз?

15. Сіз қандай зерттеу тақырыбын таңдағыңыз келеді? Неліктен бұл зерттеу тақырыпты таңдадыңыз?

16. Сіздің зерттеулеріңіз тиімді болады деп ойлайсыз ба? Олар қандай нәтижеге әкеледі? Қазіргі зерттеуші қандай болуы керек? Оны сипаттаңыз.

17. Біздің университет сізге ғылыми-зерттеу жұмыстарында қалай көмектесе алады? Осы тақырып бойынша зерттеулер жүргізу біздің университетке не береді? Неліктен бұл маңызды болуы мүмкін?

18. Интернеттің қазіргі қоғамдағы рөлін ашыңыз?

19. Педагогикалық зерттеулер жүргізу үшін қажетті заманауи тәсілдер туралы не білесіз?

20. Қазіргі жағдайда білім беру процессін қалай ұйымдастырар едіңіз?

6 Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарының құрылымы мен мазмұны

Электронды емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады:

Блок	Сұрақ сипаттамасы	Балл
1-сұрақ	теориялық-теориялық білімнің деңгейі мен жүйелілігін анықтайды	10
2-сұрақ	практикалық-функционалдық құзыреттіліктердің қалыптасу дәрежесін анықтайды (пәндік салада әдістемелерді, технологиялар мен техниканы қолдана білу)	20
3-сұрақ	зерттелетін пәндік саланы жүйелі түсінуді, зерттеу әдіснамасы саласындағы мамандандырылған білімді (жүйелі құзыреттіліктерді) анықтайды	20
Ең жоғарғы балл		50

Емтихан сұрақтарын құрастыру кезінде Дублиндік дескрипторларға, Блум таксономиясына сәйкестікті сақтау қажет, осылайша үміткерлердің жауаптары кезінде пәндік саладағы жүйелі түсініктерін, зерттеу әдістемесі мен әдістерін білу деңгейін, идеяларды сыни тұрғыдан талдау, синтездеу және бағалау қабілетін анықтауға болады.

Электронды емтихан билетінің сұрақтарына жауаптарды бағалау критеріі:

Сұрақтар	Бағалау критеріі	Балл
1-сұрақ	зерттелетін пән саласының негізгі процестері туралы білімді көрсетеді; сұрақты ашу тереңдігі мен толықтығы	5
	талқыланатын мәселе бойынша жүйелі және дәйекті түрде өз пікірін білдіреді	3
	тұжырымдамалық-категориялық аппаратты, ғылыми терминологияны меңгерген	2
	Барлығы	10
2-сұрақ	пән саласындағы мәселелерді шешу үшін әдістерді, технологияларды қолданады	8
	құбылыстарды, оқиғаларды, процестерді дәлелдейді, салыстырады, жіктейді; практикалық дағдыларға негізделген қорытындылар жасайды	7
	әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты талдайды	5
	Барлығы	20
3-сұрақ	теориялық және практикалық нұсқаулықтарды, ғылыми тұжырымдамаларды және ғылым дамуының қазіргі тенденцияларын сыни тұрғыдан талдайды және бағалайды	8
	пәндік білімнің негізгі мәселелерін түсіндіруде әдіснамалық тәсілдерді синтездейді	7
	процестерді, құбылыстарды, оқиғаларды талдау кезінде себеп-салдарлық байланыстарды анықтайды	5
	Барлығы	20
Ең жоғарғы балл		50 балл

***Б қосымшасында білім беру бағдарлама тобының емтиханды қабылдауға арналған бейінді пәндер бойынша сұрақтар тізімі**

Білім беру бағдарламасы бойынша емтиханға дайындалуға арналған бағдарламалық тақырыптар жүйесі

«ЖОО-дағы психология» пәні

1. **Психологиялық ғылымның теориялық-әдіснамалық негіздері** – Психология ғылымының қалыптасуы, негізгі бағыттары мен ғылыми зерттеу әдістері қарастырылады. Психиканың даму заңдылықтары мен тұлғаны зерттеудің заманауи әдіснамалық тұғырлары талданады.

2. **Тұлға психологиясы және кәсіби даму** – Тұлғаның психологиялық құрылымы, өзіндік сана, құндылық бағдарлары, кәсіби қалыптасу және тұлғалық даму факторлары зерттеледі. Тұлғаның әлеуметтенуі мен кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру мәселелері қарастырылады.

3. **Танымдық іс-әрекеттің психологиялық механизмдері** – Түйсік, қабылдау, зейін, ес, ойлау, сөйлеу және қиял сияқты таным процестерінің психологиялық ерекшеліктері мен олардың оқу-танымдық әрекеттегі рөлі сипатталады.

4. **Эмоционалдық интеллект және психологиялық реттеу** – Эмоциялардың психологиялық табиғаты, эмоционалдық интеллект құрылымы, эмоционалдық өзін-өзі реттеу және стресс жағдайындағы мінез-құлық ерекшеліктері қарастырылады.

5. **Педагогикалық қарым-қатынас психологиясы** – Білім беру үдерісіндегі коммуникацияның психологиялық ерекшеліктері, педагогикалық өзара әрекеттестік, тұлғааралық қатынас және тиімді кәсіби қарым-қатынас технологиялары зерттеледі.

6. **Жас ерекшелік психологиясы** – Адам өмірінің түрлі кезеңдерінде (мектепке дейінгі, жасөспірім, ересек, қартаю) болатын психологиялық даму заңдылықтарын зерттейді.

7. **Отбасы психологиясы** – Отбасының құрылымы, отбасылық қарым-қатынас, ата-ананың балаға психологиялық әсері және отбасындағы тәрбие стилдерінің ерекшеліктерін қарастырады.

8. **Салыстырмалы психология** – Адам мен жануарлардың психикалық процестерін салыстыра отырып, эволюциялық және биологиялық негіздерін түсіндіреді.

9. **Кәсіби бағдар және кәсіби даму психологиясы** – Жасөспірімнің мамандық тандауына әсер ететін психологиялық факторларды, кәсіби өзін-өзі анықтау және кәсіби жетілу үдерістерін зерттейді.

10. **Сын тұрғысынан ойлау психологиясы** – Ақпаратты терең талдау, бағалау және логикалық қорытынды жасау қабілетін дамыту механизмдерін зерттейді.

11. **Психодиагностика негіздері** – Тұлғаның психикалық қасиеттерін анықтауға арналған әдістер мен құралдарды (тест, анкет, бақылау, сұхбат) жүйелі қолдану теориясы мен практикасы.

12. **Когнитивті психология** – Адамның білімді қалай қабылдайтынын, өңдейтінін, есте сақтап, қолданатынын түсіндіретін сала. Назар, ойлау, қабылдау механизмдері қарастырылады.

13. **Қиын балалар психологиясы** – Мінез-құлқында ауытқуы бар, бейімделуде қиындық көретін балалардың психологиясын зерттейді. Педагогикалық-психологиялық қолдау жолдарын ұсынады.

14. **Стресс және күйзеліс психологиясы** – Стресс тудыратын факторлар, адамның оған физиологиялық және психологиялық реакциялары, күйзелістен шығу жолдарын қарастырады.

15. **Психологиялық кеңес беру негіздері** – Тұлғалық даму, өмірлік қиын жағдайдан шығу, өзін-өзі тану мен реттеу үшін маман тарапынан жүргізілетін кәсіби психологиялық қолдау тәсілдері.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Негізгі:

1. Психология: оқу құралы /С. Қ. Бердібаева, К. Қ. Сайлинова, Э. Т. Адилова және т.б.- Алматы: Қазақ ун-ті, 2021. - 179, [1] б.
2. Шунк, Дейл Х. Оқыту теориясы: білім беру көкжиегі = Learning Theories: An Educational Perspective [Мәтін] : оқулық / Д. Шунк ; [ауд. Б. М. Мизамхан; жауапты ред. А. Б. Айтбаева], Астана. «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2019. - 607 б.
3. Еромасова А.А. Общая психология. Методы активного обучения: Учебное пособие для вузов. – 4-е изд, испр. и доп . – Москва: Юрайт, 2021. – 182 с. – Режим доступа: <https://urait.ru/bcode/471670> - Для авторизованных пользователей.
4. Иванников В.А. Общая психология: учебник для вузов. – Москва: Юрайт, 2021. – 480 с. – Режим доступа: <https://urait.ru/bcode/469080> - Для авторизованных пользователей.
5. Общая психология: введение в общую психологию, психология познавательных процессов: /под общ. науч. ред. Б.Н. Рыжова, Д.А. Донцова. – Москва: ФЛИНТА, 2021. – 362 с. : ил., табл. – Режим доступа: <https://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=611384> – Для авторизованных пользователей.
6. Шапошникова Т.Е. Возрастная и педагогическая психология: учебник и практикум для вузов. – 2-е изд., испр. и доп. – Москва: Юрайт, 2021. – 218 с. – Режим доступа: <https://urait.ru/bcode/471609>
7. Лурия А.Р. Лекции по общей психологии. Серия «Мастер Психологии». - Изд-во «Питер», 2020. – 384 с.
8. Самойлов В.Д. Психология и педагогика высшей школы. Андрогиогическая парадигма. Учебник. - М.: Юнити-Дана, 2018. – 207 с.
9. Залевский Г. В. Психология личности: фиксированные формы поведения: учебное пособие для вузов — 2-е изд. — М.: Юрайт, 2020. — 306 с.
10. Мыңбаева А.К., Айтбаева А.Б., Құдайбергенова Ә.М. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. Туркпен-улы, Жолмухан. Основы общей и педагогической психологии: учеб.-метод. пособие для вузов – А.:Қазақ университеті, 2016.

Қосымша:

1. Жалпы психологияға кіріспе: оқу құралы / Н. Қ. Тоқсанбаева, Н. М. Садыкова, А. М. Болтаева және т.б.; жалпы ред. басқ. С. М. Жақыпов. - Толықт., 2-бас. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2021. – 294 б.
2. Мухина В. С. Возрастная психология. Феноменология развития: учебник для студентов вузов, обучающихся по специальностям "Педагогика и психология", "Психология", "Социальная педагогика", "Педагогика". - 17-е изд.. – М.: Академия, 2019. - 655с.

3. Константинов В.В. Методологические основы психологии. Учебное пособие. — М.: Юрайт. 2019. - 200 с.
4. Психология. Практикум. Учебное пособие. — 2-е изд. /Под ред. Бухаровой И.С., Бывшевой М.В.— М.:Юрайт, 2020. — 208 с.
5. Аминов И.И. Психология общения. Учебник. — Изд-во «Кнорус», 2021. — 258 с.
6. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу: жоғары білім берудің жаһандық мәселелеріне жауаптар: монография /А. Сағынтаева, А. Мусина, А. Сулейменова және т.б. - Нұр-Сұлтан: Назарбаев ун-ті Жоғары білім беру мектебі, 2021. - 235, [1] б.
7. Залевский Г. В. Психология личности: фиксированные формы поведения: учебное пособие для вузов — 2-е изд. — М.: Юрайт, 2020. — 306 с.
8. Рамендик Д. М. Тренинг личностного роста: учебник и практикум. — 2-е изд., испр. и доп. — М.: Юрайт, 2018. — 136 с. — (Серия: Профессиональное образование).
9. Маклаков А.Г. Общая психология. Учебное пособие. — Спб.:Питер, Питер Пресс, 2017. — 582 с.
10. Игнатова Н.Ю. Образование в цифровую эпоху монография. — Нижний Тагил: НТИ (филиал) УрФУ, 2017. — 128 с.

«Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау» пәні

1. **Педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері** – Педагогика ғылымының пәні, қызметтері, негізгі категориялары мен ғылыми зерттеу әдістері қарастырылады. Тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамыту заңдылықтарының заманауи тұжырымдамалары талданады.
2. **Тәрбие теориясы және тәрбиелік үдерісті ұйымдастыру** – Тәрбие процесінің мәні, мазмұны, принциптері мен бағыттары зерттеледі. Тұлғаның рухани-адамгершілік, азаматтық және әлеуметтік қалыптасуындағы тәрбиенің рөлі сипатталады.
3. **Білім беру философиясы және педагогикалық аксиология** – Білім берудің философиялық негіздері, гуманистік құндылықтар, білім беру парадигмалары мен қазіргі білім беру жүйесінің даму тенденциялары қарастырылады.
4. **Тұтас педагогикалық үдеріс теориясы** – Педагогикалық үдерістің құрылымы, заңдылықтары, компоненттері мен субъектілерінің өзара әрекеттесу ерекшеліктері талданады. Оқыту, тәрбие және дамудың бірлігі ғылыми тұрғыда сипатталады.
5. **Оқытудың мазмұны, технологиялары және әдістері** – Оқыту мазмұнын іріктеу принциптері, заманауи педагогикалық технологиялар,

оқыту әдістері мен білім алушылардың танымдық белсенділігін дамыту жолдары зерттеледі.

6. **Қазіргі білім беру парадигмалары** – Білім берудің жаңартылған бағыттары (құзыреттілікке, тұлғалық-бағдарлы, инклюзивті, STEAM-педагогика және т.б.).

7. **Білім беру жүйесінің құрылымы** – Қазақстан Республикасындағы білім беру деңгейлері мен сатылары, басқару жүйесі мен нормативтік-құқықтық базасы.

8. **Мектептегі тәрбие жұмысының жүйесі** – Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, мінез-құлықты қалыптастыру және әлеуметтендіру жолдары.

9. **Мұғалімнің кәсіби шеберлігі** – Педагогтың кәсіби құзыреттілігі, әдістемелік, коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттерінің жиынтығы.

10. **Оқушылардың оқу-танымдық белсенділігі** – Баланың өз бетінше білім алуға, зерттеуге және шешім қабылдауға деген ішкі қызығушылығын арттыру үдерісі.

11. **Инклюзивті білім беру** – Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру ортасына теңдей кіріктіру жүйесі.

12. **Білім беру мониторингі және бағалау** – Оқу жетістіктерін, сапасын және білім беру нәтижелерін анықтау мен талдау процесі.

13. **Ата-анамен жұмыс жүйесі** – Тәрбие процесінде отбасы мен мектептің ынтымақтастығын ұйымдастыру тәсілдері.

14. **Педагогикалық инновациялар** – Жаңа технологияларды, авторлық бағдарламаларды және тәжірибелік жаңашылдықтарды білім беру үдерісіне енгізу.

15. **Білім алушының тұлғалық дамуы** – Білім беру арқылы оқушының ішкі әлеуетін, танымдық қабілеттерін, шығармашылығын дамыту.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Негізгі:

1. Законы РК: «Об образовании», 2007; «О науке», 2011; Концепция о государственной научно-технической политике РК, 2001.
2. Мынбаева А.К. Организация и планирование научных исследований (в области педагогики и образования): учебное пособие для магистратуры. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 300 с.
3. Скаткин М.Н. Методология и методика педагогических исследований. – М.: Педагогика. – 150 с.
4. Бабанский Ю.К. Проблемы повышения эффективности педагогических исследований. – М.: Педагогика, 1992. – 192 с.
5. Корюкова А.А., Дера Е.Г. Основы научно-технической информации. - М.: Высшая школа. 1985. – 224 с. 5. Кембаев Б.А., Комлев Ю.В. Системы научно-технической деятельности в зарубежных странах: Аналит.обзор. – Алматы, КазгосИНТИ, 1996. - 42с.

Қосымша:

1. Мынбаева А.К. История, теории и технологии научной деятельности высшей школы: Монография.-Алматы, 2010. -256 с.
2. Шкляр М.Ф. Основы научных исследований. УП.-М.: Изд. дом «Дашков и К», 2008. – 243с.
3. Тихонов В.А., Корнев Н.В., Верона В.А., Остроухов В.В. Основы научных исследований: теория и практика. СПб.: Гелиос АРВ, 2006.
4. Öchsner, Andreas (2013), "Types of Scientific Publications", Introduction to Scientific Publishing, SpringerBriefs in Applied Sciences and Technology, Springer Berlin Heidelberg, pp. 9–21, doi:10.1007/978-3-642-38646-6_3, ISBN 9783642386459
5. Mogull, Scott A. (2017). Scientific And Medical Communication: A Guide For Effective Practice. New York: Routledge. ISBN 9781138842557.
6. D. Mavnic (2006). "The "Art" of Plagiarism". Canadian Journal of Civil Engineering. 33 (3): iii–vi. doi:10.1139/106-901.
7. "Publication Ethical Standards: Guidelines and Procedures". AIAA Journal. 45 (8): 1794. 2007. Bibcode:2007AIAAJ..45.1794.. doi:10.2514/1.32639.

«ЖОО-да педагогикалық пәндерді оқыту» пәні

1. **Оқыту әдістемесінің теориялық негіздері** – Оқыту әдістемесінің пәні, міндеттері, ғылыми негіздері мен заманауи әдіснамалық тұғырлары қарастырылады. Пәнді оқытудың тиімді технологиялары мен әдістері талданады.
2. **Оқытудың мақсаттары, нәтижелері және құзыреттілік тәсіл** – Білім беру мақсаттарын жобалау, оқу нәтижелерін анықтау және білім алушылардың кәсіби, академиялық және зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселелері зерттеледі.
3. **Білім беру бағдарламалары және оқу-әдістемелік құжаттама** – Оқу бағдарламасының құрылымы, силлабус әзірлеу принциптері, пәннің мазмұнын жоспарлау және оқу процесін ұйымдастырудың нормативтік-әдістемелік негіздері қарастырылады.
4. **Сабақты ұйымдастырудың заманауи формалары мен технологиялары** – Сабақ түрлері, құрылымы, оқытудың инновациялық технологиялары, интерактивті әдістер және білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдары сипатталады.
5. **Дидактиканың негізгі принциптері мен оқыту заңдылықтары** – Ғылымилық, жүйелілік, саналылық, белсенділік, көрнекілік, қолжетімділік және дараландыру принциптерінің оқу үдерісіндегі рөлі мен оларды жүзеге асыру ерекшеліктері талданады.
6. **Интерактивті оқыту әдістері** – Білім алушыларды белсенді қатыстыру арқылы оқыту: пікірталас, тренинг, топтық жұмыс, ойын, кластер, сұхбат.

7. **Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану** – Электронды ресурстар, мультимедиа, LMS жүйелері, видеосабактар, интерактивті тақта арқылы оқыту.

8. **Бағалау жүйесінің әдістемесі** – Білім алушының жетістігін өлшеу: критериалды, қалыптастырушы (формативті) және жиынтық (суммативті) бағалау.

9. **Жобалық және зерттеу әдістері** – Оқушылардың практикалық тапсырмалар арқылы өз бетімен жұмыс істеуін ұйымдастыру (проект, зерттеу, тәжірибе).

10. **Қиын оқушылармен жұмыс әдістемесі** – Мінез-құлқында ауытқуы бар немесе үлгерімі төмен оқушылармен арнайы тәсілдер қолдану арқылы жұмыс жүргізу.

11. **Қашықтықтан оқытудың әдістемесі** – Онлайн оқыту ерекшеліктері, платформа таңдау, бейне-сабақ, чат, форум арқылы кері байланыс ұйымдастыру.

12. **Білім беру сапасын арттырудың әдістері** – Сабақ тиімділігін арттыру үшін саралау, рефлексия, портфолио, фидбек, оқушыны оқыту стиліне бейімдеу.

13. **Кейс-әдіс және проблемалық оқыту** – Нақты жағдайларды талдау және шешім табу арқылы ойлауды дамытуға бағытталған оқыту әдістері.

14. **Пәнішілік және пәнаралық байланыстар** – Бір пән ішіндегі және түрлі пәндер арасындағы мазмұндық байланыстарды орнату арқылы оқытуды кешенді жүргізу.

15. **Сабаққа талдау жасау әдістемесі** – Сабақтан кейінгі педагогикалық рефлексия, мұғалімнің өзін-өзі бағалауы, жетістіктер мен қиындықтарды анықтау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Мыңбаева А.К., Айтбаева А.Б., Құдайбергенова Ә.М. *Жоғары мектеп педагогикасы негіздері.* – Алматы: Қазақ университеті, 2016.

2. Самойлов В.Д. *Психология и педагогика высшей школы. Андрогагическая парадигма.* – М.: Юнити-Дана, 2018.

3. Беспалько В.П. *Слагаемые педагогической технологии.* – М., 2004.

4. Шапошникова Т.Е. *Возрастная и педагогическая психология.* – М.: Юрайт, 2021.

5. Жүнісбек Ә. *Ұстаздық еткен жалықпас...* – Алматы: Білім, 2019.

Қосымша:

1. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу / Сағынтаева А., Мусина А., Сулейменова А. – Нұр-Сұлтан: Назарбаев университеті, 2021.

2. Константинов В.В. *Методологические основы педагогики.* – М.: Юрайт, 2020.


3. Симонов В. *Педагогика и психология высшей школы.* – М.: Вузовский учебник, 2019.

4. Ермолаева М.В. *Цифровая педагогика*. – СПб.: Питер, 2020.
5. Сластенин В.А. *Педагогика: учебное пособие для вузов*. – М.: Академия, 2019.
6. Рамендик Д.М. *Тренинг личностного роста*. – М.: Юрайт, 2018.
7. Маклаков А.Г. *Общая психология*. – СПб.: Питер, 2017.
8. Әл-Фараби педагогикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.

**Педагогика және психология
кафедрасының меңгерушісі**

 Б.Альмухамбетова

**ББ жобалық
офисінің жетекшісі**

 Б.Рысдаулетова


**Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы**

 Ә.Мейрамбек

**Академиялық мәселелер жөніндегі
департамент директоры**

 Г.Кыдырбаева

**Басқарма мүшесі – академиялық
мәселелер жөніндегі проректор**

 Б.Таубаев